



Автор: Балмуханова Назгул Сергейқызы

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Адам жанының құпиясы

Тақырып: Адам жанының құпиясы» бөлімі.І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасының көркемдік ерекшелігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Барлық :шығарманың мазмұнын біледі,кейіпкерлерін біледі. Көпшілігі: автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды; Кейбірі: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады
Сабақтың мақсаты:	Барлық :шығарманың мазмұнын біледі,кейіпкерлерін біледі. Көпшілігі: автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайды; Кейбірі: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	Әдістемелік құрал,дидактикалық материалдар
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	І.Жансүгіровтің шығармасымен танысамыз. Шығарма желісі бойынша топтық жұмыстар жүргізу.Оқушылар үш топқа бөлінеді. Топтық жұмыс жеке бағаланады.	
Сабақтың ортасы	Оқушыларға сұрақтар қойып,жауап алу • . Буын, бунақ, ұйқасқа талдау (дәптермен жұмыс) • (20 мин) • I -топ • .. Менің атым сұрасаң Ақан серің а • Ғазірет Ғали дүлдүлі тұлпар керім, а • Дүниеде оған жетер ат бар ма еді, б • Өлді ғой мен қайтейін, Құлагерім... а • 4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды қара өлең ұйқасы. • Өлеңге талдау жұмыстарын жүргізу. Әсірелеу: • «Көмбе қайда ?» -десеңіз, • Көзді салып көрсеңіз: • Өркеш-өркеш көрінген, • Орғылап су төгілген, • Балдырғаны білектей, • Балаусасы жібектей Қайталау: • Кей-кейде жауын болып, жылап ақты, • Кей-кейде дауыл болып, соқты қатты, • Кей-кейде күңіреніп, көлдей толқып. • Кей-кейде қу ағаштай құлап жатты. Дамыту (градация) • Күйіндей домбыраның құлдырласын, • Суындай Алатаудың сылдырласын • Сөздердің асыл, көркем тасын қала, • Ұйқысы өлеңімнің сыңғырласын. Ассонанс: • Адуын алып көк бөрі • Арыста талай бәйге алып, • Айқасты талай көп көрді • Айқайда талай түсе қап. • Асқынғанды бөктерді • Теңеу: • Көк орман,көркем тоғай маужыраған, • Сұлудың көзіндей көп жаудыраған • Малта тас, маржан, ақық, меруерт тас, • Төгіліп көл жиекке саудыраған. 5. «Құлагер» өлеңіне сатылай кешенді түрде өлең құрылысына талдау. • ...Құлагер, шешең-сұңқар, әкең-тұлпар, • Соғып ең дөнениң сегіз арқар. • Сен өлсең орның басар көк бесті бар, • Болады құдай қосса, о да тұлпар	
Сабақтың соңы	«Құлагерім,пай пай!» деген тақырыпта шығармашылық жұмыс жазып келу. І.Жансүгіров туралы ғалымдардың пікірлерін,зерттеу еңбектерін тауып,шағын шолу хабарламасын дайындау. «Ойлан-жұптас-талқыла» әдісі «ББҮ» кестесімен жұмыс Білемін Білгім келеді Үйрендім	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Ой бөліседі	